

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

**Бекітемін
Жалпы білім беретін
пәндер кафедрасының бастығы
полиция полковнигі
_____ Х.К. Уразбаев
«__»_____ 2018 ж.**

ҒіІ 1104 «Философия» пәні бойынша

5В030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН

Курс: 1

Семестр: 1

Кредит саны: 3

Қарағанды 2018

«Философия» пәнінің 5В030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған оқу-әдістемелік кешен.

Құрастырған: жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Құлынтай Монай.

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды
«___» _____ 2018 ж., № ___ хаттама.

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Х.К. Уразбаев

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында бекітілді.

«___» _____ 2018 ж., № ___ хаттама.

ОӘК мазмұны

- 1. Пәннің типтік оқу бағдарламасы;**
- 2. Жұмыстық оқу бағдарламасы (Syllabus);**
- 3. Пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыбы және оны орындау бойынша әдістемелік ұсыным;**
- 4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары, жазба жұмыстарының тақырыптары, межелік бақылауға арналған және емтихан сұрақтарының тізімі);**
- 5. Дәріс кешені (немесе пән бойынша жарияланған дәріс курсы);**
- 6. Иллюстративті және үлестірмелі материал;**
- 7. Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз ету;**
- 8. Пәннің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілу картасы (ПОӘКЕК);**

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

**Бекітемін
Жалпы білім беретін
пәндер кафедрасының бастығы
полиция полковнигі
_____ Х.К. Уразбаев
«__» _____ 2018 ж.**

ҒіІ 1104 «Философия» пәні бойынша
5В030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

ЖҰМЫСТЫҚ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

курс: 1
семестр: 1
кредит саны: 3

Қарағанды 2018

«Философия» пәнінің 5В030300-«Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған жұмыстық оқу бағдарламасы, 15 б.

Құрастырған: жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Құлынтай Монай;

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды
«___» ____ 2018 ж., № ___ хаттама.

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Х.К. Уразбаев

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында бекітілді

«___» ____ 2018 ж., № ___ хаттама.

2.1. Түсіндірмелік жазба

Кіріспе

2.1.1 Пән аннотациясы

«Философия» пәні бойынша Қазақстан Республикасы ІІМ құқық қорғау органдарының жүйесіндегі ЖОО тыңдаушыларына арналған жұмыстық оқу бағдарламасы мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес құрастырылған.

2.1.2 Пәнді оқыту мақсаты. Оқыту объектісі

Оқу пәні ретінде философияны оқытудың басты мақсаты – болашақ мамандардың қазіргі күрделі әрі динамикалық дүние жағдайындағы дұрыс дүниетанымдық бағдарларын қалыптастыруға жәрдемдесу.

2.1.3 Пәнді оқыту міндеті

- философиялық ой кешудің тарихи типтерін мәдениет контекстінде талдау;

- болашақ мамандардың философиялық-дүниетанымдық және методологиялық мәдениетін қалыптастыру;

- пән мазмұнын тыңдаушылардың оған деген қызығуын тойтаратын бұрынғы идеологиялық жүктемеден, догматикалық штамптар мен клишелерден азат ету.

2.1.4 Тыңдаушыны кәсіби тұрғыда дайындаудағы пәннің алатын орны

Тыңдаушының курстан білетіні:

- философияның пәні, мақсаты мен міндеттері;

- философия мәселелерінің негізгі шеңбері;

- философиялық дүниетанымның мәдениет контекстіндегі ерекшеліктері және оның адам өмірлік таңдауының стратегиясына әсері;

тыңдаушының істей алатыны:

- нақтылы мәдениет контекстіндегі дүниетанымдық ахуалдарды анықтай білу;

- адамзат тарихындағы дүниетанымдық мәселелерді қою мен шешудің альтернативтік тәсілдерін анықтай білу.

2.1.5 Пәннің мазмұнының деңгейіне қойылатын талаптар

Бакалавр академиялық дәрежесін алу құзыретті маман және ой-өрісі кең адам хақындағы іс-әрекетке бағдарлануды қажет етеді. Сондықтан кәсіби жағынан алғанда мәдениеттегі философиялық зерттеулердің мәселелері бойынша білім алу маңызды болып табылады. Бұл пәнді оқып-үйренгенде бакалавр ғылыми зерттеулердің әдіснамасы бойынша оның жай-күйі және ең перспективті бағыттары туралы білім алады. «Философия» курсы табысты игеру үшін бұл курсты оқып-үйренуге кіріспес бұрын өтілетін мынадай пәндермен таныстық қажет: «Қазақстан тарихы», «Мәдениеттану», «Этнопсихология», «Экология», «Экономикалық теорияның негіздері», «Логика».

2.1.6 Пәнді оқытудың әдістемесі:

Философия курсының оқыту және тыңдаушылардың оқып-үйрену процесінде негізгі философиялық әдістер мен принциптер қолданылады:

- тарихилық пен логикалықтың бірлігі принципі;
- мәдени-тарихилық принципі;
- мәдени-релятивизм әдісі;
- абстрактылықтан нақтылыққа өрлеу әдісі;
- философиялық компаративистика әдісі және басқалары.

2.2. Пән бойынша оқу жұмыстарының көлемі, түрі (Қазақстан Республикасының МЖМБС сәйкес):

Оқу мерзімі	Курс	Семестр	Кредиттер	Дәрістер	Семинарлар	Тәжірибелік	КӨЖ		КӨЖ	Межелік бақылау	Бақылау нысаны			Барлығы
							Ауд.	Ауд. тыс			Емтихан	Сынақ	Курстық жұмыс	
1 семестр	1	2	3	15	30	-	7	8	75	семестрдің 7 және 14 аптасы	+	-	-	135

2.3. Тақырыптық жоспар

№	Тақырып номері	Тақырыптың атауы	Дәріс	Семинар	Тәжірибелік сабақтар	КӨЖ		КӨЖ
						Ауд.	Ауд. тыс	
1	1	Философияның пәні, мақсаты және қызметтері	1	2	-		1	5
2	2	Ежелгі дүниежүзі философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы.	1	2	-	1		5
3	3	Антикалық философия	1	2	-		1	5
4	4	Ортағасырдағы Шығыс пен Батыс философиясы	1	2	-	1		5
5	5	Қайта Өрлеу философиясы	1	2	-		1	5
6	6	Жаңа Заман философиясы.	1	2	-	1		5

		XVIII ғасырдағы еуропалық Ағартушылық философия						
7	7	Классикалық неміс философиясы	1	2	-		1	5
8	8	XVIII ғ. соңы – XXI ғ. басындағы философия	1	2	-	1		5
9	9	Қазақ философиясы	1	2	-		1	5
10	10	Болмыс – онтологияның негізгі категориясы ретінде	1	2	-	1		5
11	11	Даму принципі: диалектика және синергетика	1	2	-		1	5
12	12	Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми танымның ерекшеліктері	1	2	-	1		5
13	13	Философиялық антропология	1	2	-		1	5
14	14	Әлеуметтік философия	1	2	-	1		5
15	15	Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау	1	2	-		1	5
Барлығы			15	30	-	7	8	75

2.4. Бөлім мазмұны (тарау)

Философияның пәні, мақсаты және қызметтері

Оқу пәнінің объектісі мәдени-тарихи дамуында және қазіргі жай-күйінде алынған рухани өндірістің ерекше формасы ретіндегі философия болып табылады. Оқып-үйрену объектісінің құрамына дүниежүзілік және отандық философияның ішкі бірлігінде алынған негізгі бағыттары мен мәселелері кіреді. Философия – бұл адам болмысының іргелі принциптері мен негіздері туралы, адамның табиғатқа, қоғамға және барлық негізгі көріністерінде алынғандағы рухани өмірге қарым-қатынасының ең жалпы мәнді сипаттары туралы білімдер жүйесін қаузайттын дүниені танудың айрықша формасы.

Философия мәнін түсіндірмелеудің негізгі типтері. Дүниеге қатынас және дүниетаным ұғымдары. Дүниетаным және дүниенің жалпы мәденилік суреті. Дүниетаным және философия. Философия пайда болуының тарихи-әлеуметтік детерминанттары. Мәдениет дүниесіндегі философияның мағынасы мен тағайыны. Философия адам құштарлығының әр түрлі төрт саласының – ғылым, поэзия, дін, логика – негіздемесі ретінде. Философия және мифология. Философия және дін. Философия және өнер. Философия және ғылым. Философия және саясат.

Мәдени-тарихи контекстегі философия

Философия және философ. Мағынаға және еркіндікке толысқан адамның өмірлік стратегиясын қалыптастырудағы рухты көтеретін ақиқаттар мен

идеалдардың маңыздылығы. Философия катаң рационалдықтың идеалы ретінде.

Философиялық ой кешу типтері. Философиялық бағыттар мен жүйелердің көп түрлілігі. Философияның мәдени-тарихи сипаты. Философия формаларының этномәдени ерекшеліктері.

Ежелгі дүниежүзі философиясы. Ежелгі Шығыс философиясы

Көне үнділік мәдениеттегі діннің мәртебесі және оның философия қалыптасуы мен дамуына әсері. Үнділік философия қарсаңындағы (Ведалар дәстүрі) негізгі дүниетанымдық идеялар. Упанишадалардағы дүниетанымдық ізденістер дүниеден аскеттік қашқақтаудың формасы ретінде. Қайта түрленудің мәңгілік циклынан құтылудың жолдарына деген ізденістер.

Шығыс ойының өзіндік ерекшелігі. Ойлаудың кармалық стилі философияның моральдық және метафизикалық өлшемінің формасы ретінде. Карма, реинкарнация және касталар жүйесі туралы ілім Үнді философиясының негіздемесі ретінде.

Буддизм және оның Ведалық дүниетаным мен ритуалдық практикаға қатынасы. Буддизм Упанишадаларды сыни қайта түсіну ретінде. Буддизмнің іргелі идеялары. Күш қолданбаудың буддистік стратегиясы, оның Шығыс адамының тарихи тағдырына әсері. Шығыс адамының дүниеге қатынасының қалыптасуына, рухани құндылықтарды тандауына, өмір салты мен дінінің қалыптасуына буддизмнің дүниетанымдық әсері.

Қытайлық философия қарсаңының («Ши цзин», «Шу цзин», «И цзин» шығармалары) негізгі мазмұны. Конфуцийшылдық философияның практикалық бағыттылығы. Конфуцийшылдықтың әлеуметтік-этикалық максималарының прагматикалық сипаты. Конфуцийшылдық философияның қытайлық мәдениет пен қоғамдағы маңызды рөлі. Конфуцийшылдық қытайлық қоғамның идеологиясы ретінде.

Даостық философия және дүние-әлемнің суреті. Дүние-әлемнің даостық суретіндегі адамның орны. Өмірді сақтау мен нығайтудың даостық тәсілі. Әділдік принципінің Космостық сипаты. Өлместікке жетудің даостық практикасы.

Моизм конфуцийшылдыққа альтернативті әлеуметтік-этикалық доктрина ретінде. Моизмнің іргелі идеялары: жалпы махаббат, табыстылық, өзара пайда. Моизм прагматикалық максаттылықтың философиясы хақында және оның қытайлық адам мәдени стратегиясының практикалық бағыттылығының қалыптасуына әсері.

Легизм «соғысушы мемлекеттер» дәуіріндегі саяси-әлеуметтік стратегиялар философиясы ретінде. Легизмнің іргелі құндылықтары: қоғамдағы тәртіп, заңдар және жарлықтар. Легизм қытайлық қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығының моделін іздеу идеологиясы хақында. Философиялық ілімдердің Қытай халқының мәдени өміріне әсері.

Антикалық философия

Көне грек философиясының қалыптасуы мен дамуының мәдени-әлеуметтік контексті. Философия генезисі. Грек мифологиясының әсері. Философияның өзіндік анықталуы және мифтен ажыратылуы. Философиялық ізденістердің эпистемологиялық бетбұрысы. Саяси-этикалық сұрақтардың қойылуы. Көне грек философиясының әрі қарай дамуындағы софистер мен Сократтың рөлі. Парменид: философиялық дәлелдеу қалыптасуының кайнарында.

Платонның білім және құзырлылық мәселесін қоюының іргелілік сипаты. Платон философиясы табиғат пен қоғам үстінен Зерде басымдылығын орнықтыруды іздестіру формасы хақында.

Аристотель философиясы антикалық мәдениет энциклопедиясы хақында. Зерделі өмірге қол жеткізу үшін білім мәселесінің мәртебелілігі және маңыздылығы. Білім алу жолдары мен құзырлылықтың мәселеленуі. Этикалық құзырлылықтың қалыптасуы және оның зерделі іс-әрекеттер туралы білімдер жинақтаудағы рөлі. Логика салықалы ойлаудың органы ретінде. Өркениетті адам табиғатын айқара ашудың формасы ретінде. Қоғамдағы өмір Зерде мүмкіндіктерін шығармашылықпен іске асырудың шарты ретінде. Қоғамдағы зерделі өмір ретіндегі «полития» - адами қоғамдастықтың мақсаты.

Жеке бас бақытын қамсыздандыру жайлы философиялық ізденістер. Эпикуреизм – жеке бастың игілікті болуының философиясы ретінде. Гедонизмге қол жеткізу жолдарының рационализациялануы. Стоицизм жеке бас бақытына қол жеткізудің философиясы ретінде. Киниктер немесе өмірдің табиғи салтын іздестіру философиясы. Римдік стоицизм аскеза мен саяси борыш аралығындағы қызу ізденістің рухани жолы ретінде. Табиғи құқық идеясы жалпы құқықтық тәртіп орнықтырудың негізі ретінде. Римдік мемлекеттік және құқықтық өмірді ұйымдастыруға құқықтың стоицистік тұғырнамасының әсері.

Антикалық философияның адамның дүниеге рационалдық қатынасының, оның табиғат пен әлеуметтік дүниеге рационалды үстемдігі стратегиясының қалыптасуына әсері. Антикалық философияның дүниетанымдық бағдарларының адамның мәдени және саяси-әлеуметтік активизмінің қалыптасуына әсері.

Орта ғасырдағы Шығыс пен Батыс философиясы

Арабтық-мұсылмандық философияның мәдени-әлеуметтік және рухани контексті. Исламдық мәдениет және философияның негізгі бағыттарының қалыптасуы. Мәдениеттің исламдық дүниесіндегі рационалистік дәстүр. «Фәлсәфәнің» іргелі идеялары мен принциптері. Араб тілдес перипатетизмнің энциклопедизмі, универсализмі: Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд. Ең маңызды дүниетанымдық сауалдарды жасақтаудағы рационалдық дәстүр ғұламаларының үлесі.

«Құрандағы» білім тұғырнамасы. «Құран» және рационалдық құдайлық ілім. Дүниенің исламдық моделі. Адам орны және оның өмірді құрудағы негізгі максималары.

Ислам мәдениетіндегі суфизмнің орны мен рөлі. Суфизмдегі дүние, Құдай және адам туралы ілім. Рухани өрлеу мен жетілудің суфийлік практикасы. Суфизмнің негізгі рухани құндылықтары. Суфизмнің символизмі мен мистикалық практикасы. Суфизм философиясын дамытудағы Ибн Араби мен Әл-Газалидің үлесі. Суфизм және Омар Хайям, Ирандық суфизмнің символикасы мен мистицизмі.

Түрік тілдес философияның қалыптасуы. Жүсіп Баласағұн философиясы. Құттылықты білім. Этика, саясат мәселелері. А.Иүгінекидің философиялық ізденістері. Махмұт Қашғаридың философиялық ізденістері. Қожа Ахмет Иассауидің суфийлік ілімінің түп-негізгі идеялары мен принциптері. Шығыс пен Батыс елдерінің рухани мәдениетіне суфизмнің есері.

Батысеуропалық ортағасырлық мәдениеттегі философия мен діннің феномені.

Батысеуропалық ортағасырлық философия қалыптасуының мәдени-әлеуметтік контексті. Негізгі қайнар көздері. Ортағасырлық мәдениеттегі христиандық дін феномені. Христиандық дүниетанымның көкжиегі. Христиандық діннің негізгі рухани құндылықтары. Христианшылық және антикалық философия. «Өмірлік философиядан» түңілу және антикалық рационалды бағдарланған философияның теоретикалық мәселдемелеріне деген құштарлығының ғайып болуы. Жер бетіндегі өмір тарихтың драмалылануы ретінде. Қайғы-қасірет және әділсіздік үшін әділ марапатталу туралы ілім. Екі мәдениет кездесуі: христианшылдық және гректік пен эллинистік философиялар.

Діни дүниетанымға деген философиялық рефлексия стратегиясының қалыптасуы. Неоплатонизм дүниетанымдық ізденістердің жаңа сергіген діни бағыттылығының көрінісі ретінде. Теоцентризм, провиденциализм, креационизм бүкіл ортағасырлық философияның негіздемелері ретінде. Философиялық ой кешудің жаңа теоцентристік тәсілінің ерекшелігі.

Философия мен теология интеллектуалдық қызметтің негізгі түрлері ретінде. Дүниетанымдық ізденістердің орталық тақырыптары. Философия мен ортағасырлық адамның мәдени өмірінің интеллектуалдық саласына христианшылдық енгізген жаңа қағидалар. Ортағасырлық адамның мәдени таңдауының басты стратегияларын қалыптастырудағы А.Августиннің рөлі. Адамның құндылығы және құтқарылу туралы ілім. Қоғамдағы адамның құқықтық жағдайының иерархиялық тәртіптіленген суретін сомдаудағы ортағасырлық философияның рөлі.

Батысеуропалық ортағасырлық философиялық ойға арабтық-мұсылмандық философияның әсері. Христианшылдық пен аристотелизмнің синтезі. Схоластика феномені. Схоластика кезеңіндегі философия. Схоластикалық ойлаудың өзіндік ерекшелігі. Томизм римдік католикалық шіркеудің философиясы хақында. Томизмнің іргелі идеялары. Философия және теология. Сенім мен білімнің арақатынасы мәселесі. Схоластика

философиясы. Томизм схоластикалық даналықтың жоғары формасы хақында.

Рухани құндылықтардың, батыс адамы санасындағы моральдылықтың басымдылығын қалыптастыруға ортағасырлық діни философияның әсері. Батыс адамының өмірлік таңдауы мен стратегиясына христиандық дін мен дүниенің христиандық моделінің әсері арқасында оның дүниетанымдық көкжиегінің өзгеруі.

Қайта Өрлеу философиясы

Ортағасырлық мәдениет пен ойдың мәдени-әлеуметтік трансформациялары. Ренессанстық дүниетанымның антропоцентризмі. Табиғат пен адамның жаңаша түсінігі. Антикалық және эзотерикалық ілімдердің (неоплатонизмнің, герметизмнің, каббаланың, мистицизмнің) қайта түрлеуі және олардың Қайта Өрлеу философиясына әсері. Қайта Өрлеу философиясы және жаңа ренессанстық ойлаудың қалыптасуы. Дүниетанымдық сауалдар және Қайта Өрлеу Дәуірі ойшылдарының философиялық ізденістері. Философиялық ой-желістердің негізгі тақырыптары мен мәселелері. Ренессанстық гуманизм. Ренессанстық неоплатонизм мен аристотелизм. Ренессанстық скептицизм мен эпикуреизм.

Ренессанс және білімнің секуляризациялануы. Ренессанс философиясы және оның эксперименталдық жаратылыстанудың қалыптасуындағы маңызы. Ренессанстық ойлау мен дүниеге қатынастың ерекшеліктері.

Реформация философиясы. Сенім феномені. Сенім адамдарды ақтау тәсілі ретінде. Зерде және сенім. Лютерлік теологияның волонтаристік сипаты. Лютердің пессимистік антропологиясы. Н.Макиавеллидің саяси философиясы және оның «күшті мемлекет» моделінің қалыптасуындағы маңызы. Философия және әлеуметтік утопия. Идеалдық мемлекет моделінің қалыптасуындағы Зерденің рөлі.

Батыс адамының дүниетанымдық бағдарлары мен құндылықтар жүйесінің трансформациялануына, әлеуметтік белсенді стратегиясы мен өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына ренессанстық философияның, Реформацияның діни-философиялық және саяси ілімдерінің әсері. Ренессанс пен Реформация философиясының дүниетанымдық жаңалықтарының әсерімен батыстық адам мәдени қызметінің жаңа формаларының қалыптасуы.

Жаңа Заман философиясы.

XVIII ғасырдағы еуропалық Ағартушылық философия

Жаңа Уақыт бас кезіндегі мәдени-әлеуметтік ахуал. Жаңа Уақыт мәдениетіндегі негізгі рухани бағдарлар. Эксперименталдық жаратылыстанудың пайда болуы. Эмпиризм мен рационализм философиялық дәстүрінің пайда болуы. Эпистемологиялық идеалдың қалыптасуы. Жаңа рационалдың қалыптасуы. Ғылым философиялық рефлексиялар «предметі» ретінде. Батыс адамының дүниені рационалдық игерудің перспективаларын айқындауы. Жаңа Уақыт философиясы дүниетанымдық

ұстанымдарының батыс адамының мәдени іс-әрекеттегі субъективтілігін демонстрациялаудың принципті жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыруға әсері.

Френсис Бэкон – эмпиризмнің негізін қалаушысы. Идолдар туралы ілім. Танымның индукция әдісі. Рене Декарттың рационализмі. Тиянақты білімді алу процесіндегі ойлаудың ережелері. Субстанция мәселесі.

Томас Гоббстың әлеуметтік-саяси көзқарастары. Қоғамдық келісімнің теориясы.

Б. Спинозаның пантеизмі. Спинозаның этикасы: бостандық дегеніміз танылған қажеттілік. Г. Лейбництің монадологиясы.

Дж.Берклидің субъективті идеализмі. Д. Юмның солипсизмі. Ағылшын эмпиризмның дағдарысы.

Классикалық неміс философиясы

18 ғ. екінші жартысы мен 19 ғ. бірінші жартысындағы неміс мәдениетінің ерекшелігі. Философиядағы «Коперникандық төңкеріс». Метафизикалық сауалдардың болмай қоймайтындығы. Канттық трансценденталдық философия таным теориясы ретінде. Канттың пайым мен зерде туралы ілімі. Кант диалектика туралы. Моральдық еріктің Канттық этикасы борыш этикасы ретінде. Категориялық императив шешім қабылдау үшін идеалды стандарт және азаматтық қоғам негіздемесі ретінде. Канттың құқық философиясы жанжалдарды әділ реттеудің тұғырнамасы ретінде. Адам құқықтары туралы мәселе жайындағы философиялық рефлексия.

Ағартушылық және Романтизм идеяларының Гегельдің философиялық ілімінің қалыптасуына әсері. Диалектикалық ойлау тұғырнамасы қалыптасуының қайнарында. Диалектикалық ойлаудың категориялық сипаты. Гегельдің диалектика туралы ілімі. Диалектиканың негізгі категориялары. Диалектиканың принциптері. Даму ұғымы. Диалектикалық дамудың заңдары. Диалектика таным әдісі хақында. Құл мен әміршінің диалектикасы өзіндік даму тарихи процесін түсіну формасы ретінде. Гегельдің құқық философиясы. Гегельдің саясат философиясы.

Л.Фейербахтың антропологиялық ілімі. Діни жатсыну феномені. Л.Фейербахтың христиан дінін сынауы. Л.Фейербахтың махаббат тұғырнамасы.

Батыс адамының белсенді іс-әрекетінің қалыптасуына неміс философиясының әсері. Мәдениет әлемін жасаудағы адам мүмкіндіктерін іске асырудың потенциалын философиялық негіздеу. Мәдениет әлемі адам Зердесімен құрастырылатын реалдылық ретінде. Неміс идеализмі философиясының неміс халқының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен ұлттық топтасуының қалыптасуына, қуатты орталықтандырылған мемлекет құруына, ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына әсері.

XVIII ғ. соңы – XXI ғ. басындағы философия

XIX ғ. екінші жартысының мәдениетіндегі дәуірлік оқиғалар. Рационализм және оптимизм, шексіз прогреске деген сенім. Индустриалдық қоғам және оның негізгі доминанттары. Техникалық прогресс индустриалдық

қоғамның басты құндылықтары ретінде. XIX ғ. - ғылымның «Алтын ғасыры».

Адам туралы эпистемологиялық айтыстар. Саяси-әлеуметтік философияның қалыптасуы. К. Маркстың предметтік іс-әрекет туралы ілімі. Адамның әлеуметтік тұғырнамасы. Жатсыну және оны жеңу туралы ілім. Қосымша құн және қанау. Қанаудың себептері. Айналма форма ұғымы. Маркс идеяларының батыстық қоғамның саяси-әлеуметтік тұғырнамаларына әсері. Маркс теориясы идеяларының батыстық адамның саяси-әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға, әлеуметтік оптимизмінің артуына, әлеуметтік әділдік пен әлеуметтік теңдік стратегиясының нығаюына әсері.

Қоғамдық ғылымдардың дамуы. Әлеуметтік-гуманитарлық білімге деген құштарлықтың артуы. Позитивизмнің туындауы. О.Конт позитивтік социологияның әкесі ретінде. Философия және сциентизм. Эмпириокритицизм мен махизм позитивизмнің жалғастырушылары ретінде. Ғылыми зерттеу әдіснамасына деген құштарлық. Неокантианство және оның ғылыми зерттеу әдісі мәселесін жасақтауы. Адамның жаңа өлшемі: «адам рәміздік жануар ретінде».

А.Шопенгауэрдің жыныстық махаббат метафизикасы. «Өмір» философиясы. Ф.Ницше философиясы. Еуропалық нигилизм. Христианшылдық пен метафизиканы сынау. Батысеуропалық философияның Батыс адамының ғылыми-техникалық қызметте белсенді өзгерістерді дамытудағы эпистемологиялық сенімділігін қалыптастыруға әсері. Батыстық адамның ғылыми рационалдығының белсенділенуіне кедергі келтіретін потенциалдық мүмкіндіктер мен себептерді анықтау.

XX ғ. Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-тағы мәдени трансформациялар және мәдени-әлеуметтік дағдарыс. Еуропалық елдер дамуындағы өркениеттік табыстар мен кемшіліктерді сыни қайта ойластыру. Батысеуропалық халықтардың мәдени және философиялық мұрасын, XX ғ. батыстық мәдениетінің құндылықтары мен дүниетанымдық негіздемелерін сыни қайта ойластыру. Батыс әлеміндегі өркениеттік даму мен мәдени трансформациялардың жолдарын философиялық іздестіру.

Э.Гуссерль еуропалық ғылымның, философияның және мәдениеттің дағдарысы туралы. М.Хайдеггер және батыстық әлемдегі адам өмір сүруінің трагизмі мен драматизмін қайта ойластырудың сыни тәжірибесі.

М.Хайдеггер және еуропалық нигилизмді талдау. XX ғ. экзистенциалистерінің философиялық ізденістері. А.Камю және әлеуметтік жатсыну жағдайындағы адамның сандырақ өмір сүруі тақырыбы. Бүліктің сандырақтығы және батыстық адамның сандырақ героизмі. Ж.-П.Сартр шығармашылығындағы әлеуметтік бірдейліктің философиялық ізденістері. Шекаралық ахуал жағдайларындағы адам өмір сүруінің трагизмін философиялық талдау (К. Ясперс).

Персонализм философиясының діни-философиялық ізденістері. «Құдайға оралу» және «Құдайға деген махаббат» - батыстық діни философтардың дүниетанымдық ұстанымы, батыстық адамның адамгершіліктік жетілуінің және кісілікке қайта оралуының жолы есебінде.

Мәдени талықсытпа және адамның одан шығу жолын іздестіруі. Мәдениет пен адам арасындағы жанжал. Адам өмір сүруінің қақтығыстары мен драматизмі, «бақытсыз сананың» қалыптасуы (психоанализ).

«Өзді-өзділікті жоғалту» және бұқаралық мәдениет пен мәдени индустрияның әсерінен бір өлшемділікке ие болу. Бұқаралық қоғам және мәдени индустрия жағдайларындағы «бір өлшемділік» күйін философиялық талдау (Г. Маркузе). Франкфурт мектебі философиясындағы жатсыну феноменін философиялық талдау. Ғылым мен техниканың мәселелері идеологиялық репрессияның құралдары ретінде. Идеологияның жаңа түсінігі.

Философия мен ғылым мәртебесінің сыни қайта ойлануы. Философия және ғылым мәдениет феномені ретінде. Логикалық, лингвистикалық позитивистердің философиялық ізденістеріндегі ғылымның логикалық-методологиялық мәселелері. Аналитикалық философия. Сыни рационализм философиясы. Ғылым мен философия демаркациялануы мәселелері.

Батысеуропалық мәдениеттегі «адамның өлуі» феномені және адамның қайта оралуының себептері мен жолдарын философиялық қайта ойластыру. Структурализм философиясы. Постструктуралистердің философиялық ізденістері. Батыстық қоғамның генеалогиясы, социум мен адам өмірінің барлық салаларына биліктік қатынастардың еніп кетуінің матрицаларын екшеу. Билік пен білім контаминациясы мәселесі М. Фуко.

Постмодернизм рухани күй, өмір салты және философия ретінде. Постмодернизм философиясының қалыптасуы. Постмодернистік ойлаудың өзіндік ерекшелігі. Постмодернизм философиясы және батыстық мәдениет негіздемелерін сыни талдау. Постмодернистік философияның позитивтік бағдарламасы.

Қазақ философиясы

Қазақтардың дәстүрлі дүниетанымы. Номадтық мәдениеттің синкретизмі. Қазақтың халықтық шығармашылығындағы дүниетанымдық ізденістер. Жыраулар шығармашылығындағы философиялық сарындар. Сопылық дәстүр, оның қазақ философиясы қалыптасуына әсері.

XVII-XVIII ғ.ғ. Қазақ хандығы қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарындағы әлеуметтік-философиялық сарындар. «Жеті Жарғының» философиялық контексті. Космологиялық және антропософиялық ілімдер (Доспамбет, Дулати).

Ш.Уәлихановтың философиялық көзқарастары. Ш.Уәлиханов пен Ы.Алтынсариннің философиялық идеяларының антропоцентристі мен гуманизмі.

Абай Құнанбаев адам мен Құдайдың, сенім мен білімнің арақатынасы, адам өмір сүруінің мағынасы туралы. Дін философиясы. Таңдау еркіндігі мәселесі. Абайдың адамгершілік философиясы.

Шәкәрім Құдайбердиевтің философиялық шығармашылығы. XIX ғ. аяғы мен XX ғ. алғашқы жартысындағы қазақ ұлттық зиялы қауымының (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Шоқай, Ж.Ақпаев және т.б.) еңбектеріндегі философиялық тақырыптама. XX ғ. қазақ

зиялы қауымы шығармашылығындағы рационалистік идеялар. Марксизмге деген қарым-қатынас.

Қазақ ойшылдары философиялық идеялары мен ілімдерінің қазақ халқының ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына, өзінің этникалық қауымдастығын сана елегінен өткізуге әсері. Қазақ халқының патриоттық белсенділікке деген дүниетанымдық бағдарының қалыптасуындағы қазақ философиясының рөлі.

XX ғ. кеңестік мәдениет контекстіндегі маркстік философия және посткеңестік философия. Маркстік ілімнің эволюциясы. Идеология саласындағы большевиктік партия мен кеңестік мемлекеттің саясаты. Маркстік философияның дәрежеленуі және қасаң қағидаға айналуы. И.Сталин еңбектерінің канонизациялануы. Қасаң қағидаланған марксизмнің қалыптасуы.

КОКП XX съезі және рухани саланың либерализациялануы, оның «тоқырау» дәуіріндегі бәсеңдеуі. XX ғ. 60-жылдарының соңы - 80-жылдарындағы кеңестік философияның негізгі бағыттары. Диалектикалық логиканың қалыптасуына Э.В.Ильенковтың, Г.С.Батищевтің, П.В.Копниннің және т.б. әсері.

Диалектикалық логиканың қазақстандық мектебінің қалыптасуы мен жетістіктері. Қазақстандық философтардың зерттеулерінің негізгі бағыттары: Ж.М. Әбділдин, М.И.Баканидзе, Н.Д. Джандильдин, Т. Жангельдин, Л.К. Науменко, А.Х. Қасымжанов, Г.А. Югай, Қ.Ә. Әбішев, А. Қасабек, Д. Кішібеков, Ә.Н. Нысанбаев, М.С. Орынбеков, Г.Ғ. Ақмамбетов, Қ.Х. Рахматуллин, М.Ш. Хасанов, Қ.Ш. Шүлембаев және т.б.

Кеңестік маркстік философияның коммунистік идеология, кеңестік патриотизм мен ұжымшылдықтың қалыптасуына, кеңестік өмір салтының басымдылығы моделінің нығаюына, кеңес халқының бірлігінің артуына, патриотизміне, кеңестік қоғамның халықтары арасындағы интернационалдық байланыстардың нығаюына әсері.

ТМД елдеріндегі посткеңестік философияның жалпы сипаты. Кеңестік идеология «тыйым салған» мұраға бет бұру. Ұлттық мемлекеттер ерекшелігі мен даму жолдарын философиялық ой елегінен өткізу. Глобалдық, мәселелерді философиялық ойластыру.

Қазақ халқының мәдени және әлеуметтік бірдейлігін іздеу және табу жолдарын ойластыру. Қазақ философиясы мен мәдениеті тарихы бойынша зерттеулердің қалыптасуы: О.А. Сегізбаев, А. Қасабек, М.С. Орынбеков, Ғарифолла Есім, Т.Х. Рысқалиев, Ж. Әлтаев, Т.Х. Ғабитов, Қ.Ш. Нұрланова, Ж. Мүтәліпов, Д.С. Раев, Ғ.Т. Телебаев және т.б. Мәдениет философиясы мәселелерін қазақстандық зерттеулерінің қалыптасуы кайнарында: Б.Ғ. Нұржанов, А.А. Хамидов, А.Б. Наурызбаева және т.б. Қазақстандық қоғам тұрақтануының мәдени және өркениеттік тұрғыда маңызды сауалдарын ой елегінен өткізу. Өркениеттік дамудың қазақстандық моделін іздестіру (Ғарифолла Есім, Ә.Н. Нысанбаев және т.б.). Жатсыну феноменін философиялық талдау (Қ.Ә. Әбішев, З.А. Мұқашев, А.А. Хамидов). Ғылыми зерттеу методологиясының мәселелері (Ә.Н. Нысанбаев, М.С. Сәбит, М.Ш.

Хасанов, М.З. Изотов және т.б.). Этникалық қатынастарды нығайту жолдарын және этникалық интеграция мәселелерін ойластыру, рухани құндылықтық бағдарларды іздестіру (Б.Қ. Құдайбергенов, Н.Ж. Байтенова, С.Е. Нұрмұратов). Посткеңестік философияның тұрақты қазақстандық қоғам орнатуға деген дүниетанымдық нұсқама мен бағдарлардың қалыптасуына, қазақстандық менталитеттің, қоғамда жүргізіліп жатқан реформаларды рационалды түсіну мен қабылдаудың қалыптасуына, мәдени бірдейлік, ұлттық қауіпсіздік сауалдарының қойылуы мен талқылануына әсері.

Болмыс – онтологияның негізгі категориясы ретінде

«Адам - Дүние» қатынасы болмыс құрамындағы іргелі қатынас ретінде. Онтология болмыс туралы ілім ретінде. Онтология мәселелері. Айқын және бейайқын онтология. Онтологияның негізгі типтері. Болмыс және болмыс емес мәселесі. Оны шешудің негізгі тәсілдері және ол сілтеген адам болмысының негізгі стратегиялары.

Болмыс адам болмысы хақында. Адам болмысының заттар дүниесінен принципті айырмашылығы. Адамның заттар дүниесіндегі болмысы. Адам болмысының заттар дүниесіне жинақталғандығы (М.Хайдеггер). Заттық тәуелділік.

Адам өмір сүруінің дихотомиялары. Адам өмір сүруінің тарихи дихотомиясы. Адам өмір сүруінің экзистенциалдық дихотомиясы. Адамның шынайы емес, жемісті емес бағдарлануының формалары. «Ие болу» стратегиясының қалыптасуы адам болмысының бейшынайылығы ретінде. «Болу» стратегиясы. Адамның шынайы болмысы. Адамның жемісті бағдарлануы. Адам болмысының бірегейлігі. Адам қазіргі кездің басты құндылығы және капиталы ретінде.

Болмыс-емес феномені. Адам болмысының әрдайым болмыс-емеске қарайлылығы. Адам өмір сүруінің таянышсыздығы. Өлімді қабыл алу адам стратегиясы хақында. Өлім феномені. Мәдениет пен философиядағы өлімге деген қатынас. Танатос идеясының тууы. Соғыс өлім алдындағы қорқынышқа «табынушылық» және өлімге келудің жасанды формасы ретінде. Өлімнің бейнелері мен архетиптерінің кешені. Өлімді рәміздеу. Неопсихоанализ өлім жөнінде. Трансперсоналдық психология өлім феномені жөнінде. Өлімнің діни түсіндірмесі: христианшылдық пен ислам өлім феномені туралы. Неге мұсылман өлімнен қорықпайды? Буддистік тантризм және өлімді қабылдаудың сатылары. Шығыс философиясы мен мәдениетіндегі өлімге деген қатынас. Өлместік феномені. Трансперсоналдық тәжірибе және өлімді жеңу. Йога мен даосизмнің тәжірибесі. Суфизм тәжірибесі.

Адам болмысының экзистенциалдары. Қорқыныш феномені. Экзистенциализм қорқыныш туралы. Қорқыныш пен қалшыл. Қорқыныш құмарлық хақында. Футурталықсытпа.

Қасірет шегу феномені. Өмір қасірет шегу ретінде. Қасіреттің христиандық түсінігі. Қасірет шегу мен адам өмір сүруінің азаптылығы.

Бақытсыздық өмір ережесі ретінде (А. Шопенгауэр). Жалғыздық терең экзистенциалдық күйзелу ретінде.

Даму принципі: диалектика және синергетика

Диалектиканың тарихи типтері. Көне Үнді және Көне Қытай философиясындағы диалектика. Көне Грек философиясындағы диалектиканың формалары. Классикалық неміс философиясы мен марксизмдегі диалектика. XX ғ. диалектиканың негізгі варианттары. Диалектика теориясы бойынша қазіргі кездегі зерттеулер. Диалектиканың механикалық және органикалық модельдерін сынау. Гармоникалық диалектиканың моделі (Г.Батищев). Диалектика және диалогика (В.С.Библер).

Диалектика жүйе хақында. Диалектиканың негізгі принциптері. Объективтік және субъективтік диалектиканың бірлігі. Диалектика категорияларының мәні. Диалектиканың категориялық аппараты. Диалектика адамның ғылыми-танымдық және практикалық түрлендірулік іс-әрекетінің логикасы және методологиясы ретінде.

Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары.

Ғылыми танымның ерекшеліктері

Адамның дүниеге танымдық қатынасының ерекшелігі. Тәжірибеге дейінгі білім. Білім және таным. Білім және сенім. Білімнің құрылымы. Сезімдік және рационалдық таным. Ұғым рационалдық танымның формасы ретінде. Таным және шығармашылық. Шығармашылық және интуиция. Түсіндіру және түсіну. Ақиқат. Ақиқат және адасу. Ақиқат теориясы.

Ғылыми танымның спецификасы. Ғылыми білімнің архитектурасы. Ғылыми білімнің динамикасы. Білім-билік. Білім мен билік контаминациясы мәселесі.

Әдіс мәселесі. Танымның негізгі әдістері. Логика және әдіснама. Ғылыми танымның әдістері. Философиялық әдістер. Рационалдылық феномені. Ғылым дамуының перспективалары. Ең жаңа ғылыми жетістіктер мен көне ғылымнан тысқары білімдердің параллелизмі туралы дискуссия.

Философиялық антропология

Онтологияның антропологиямен байланысы. Философиядағы адамның негізгі бейнелері. Микрокосм және макрокосм. Антропоцентризм феномені. Тәнилік пен руханилықтың гармониясы. Тән мен рухтың антиномиясы. Тән мен рух үйлесімін іздестіру формалары. Адам өмірінің бірегейлігі. Өмір құндылық және аса қымбат тарту есебінде. Өмір алдындағы игі көңіл-күй. Өмірдің мағынасы. Рахатқа бату бақыты адам өмірінің мән-мағынасы ретінде. Өмірдің адамгершіліктік мағынасы: дін мен философияның тәжірибесі. Бақыт феномені.

Адамның әлеуметтік бірдейлігі. Еркіндік құндылық хақында. Адамның еркіндіктен кашкақтауы. Еркіндік және есерсоқтық. Еркіндік және анархия. Еркіндік және өктемшілдік (авторитаризм). Еркіндік адамгершіліктік

императив ретінде. Жеке бас еркіндігі идеясы. Конформизм және конформдық мінез-құлық. Деспотизм.

Әлеуметтік философия

Әлеуметтік философия предметі. Қоғам феномені. Қоғам пайда болуы (генезисі). Антропосоциогенез. Қоғам өмірінің күрделіленуі. Саясат. Мемлекет. Қоғамдық келісім идеясы. Азаматтық қоғам. Биліктерді бөлісу идеясы. Мемлекет пен қоғамның ажырасуы. Қоғамның әлеуметтік құрылымы. Қоғам динамикасы. Қоғамның экономикалық негіздемелері. Әлеуметтік модернизм. Еңбек қажеттілік ретінде. Адам болмысын еңбекке телу (редукциялау). Еңбек қабілет ретінде. Өндірмелі және өндірімсіз еңбек. Әйел еңбегі. Еңбекті бөлісудің гендерлік аспектілері.

Экономикалық жатсыну феномені. Әлеуметтік жатсыну феномені.

Ашық қоғам. Жабық қоғам. Бұқаралық қоғам. Индустриалдық және постиндустриалдық қоғам. Ақпараттық қоғам феномені. Қазақстандық қоғам дамуының жолдары, перспективалары.

Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау

Глобалдық мәселелер және олардың пайда болуының себептері. Экологиялық апат қаупі және оны жеңудің негізгі сценарийлерінің философиялық мағынасы. Глобалдану, глобализм және антиглобализм тарихтың қазіргі ұйғарым-талабы ретінде. Глобалдық модельдеу «Римдік клубтың» негізгі мәселесі ретінде. Глобалдық мәселелерді зерттеудің негізгі бағыттары. Футурологиялық мәселдеменің қалыптасуы. Өршіп келе жатқан экологиялық дағдарыс мәселесінің көпшілікке жайылуы. «Римдік клубтың» философиялық ізденістері. Глобалдық сана қалыптасуы мәселесі.

«Қазақстан-2050» стратегиясы: ХХІ ғасырдың жаһандық он сын-қатері. Тұрақты даму әлеуметтік прогресстың үйлесімді көрінісі ретінде.

2.5. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ № р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы.	Алматы, 2008.
2. Негізгі әдебиеттер		
2	Зотов А.Ф. Современная западная философия	М.: Высшая школа, 2012
3	Мырзалы С.К. Философия	Алматы: Бастау, 2008
4	Нұрышева Г.Ж. Философия	Алматы: Инжу-маржан, 2013
5	Петрова В.Ф., Хасанов М.Ш. Философия	Алматы: Эверо, 2014
6	Сегизбаев О.А. История казахской философии	Алматы: Ғылым, 2001
7	Мұқыш Қ.С. Философия: Оқу құралы.	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2012.

8	Сарсенова Ж. Философия: оқу құралы.	Алматы: Өлке баспасы, 2010.
9	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».	Астана, 10 қаңтар 2018 жыл
10	Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.	Астана, 12 сәуір 2017 жыл
11	Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиясы. «Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы.	Астана, 14 желтоқсан 2012 жыл
3. Қосымша әдебиеттер		
9	Алексеев П.В., Панин А.В. Философия	М.: Проспект, 2010
10	Барлыбаева Г.Г. Эволюция этических идей в казахской философии	Алматы: К-ИЦ ИФП КН МОН РК, 2011
11	Бегалинова К.К., Альжанова У.К. Философия. Часть 1, 2	Алматы: Жібек жолы, 2014
12	Есім Ф. Сана болмысы	Алматы: Қазақ университеті, 2007
13	Лавриненко В.Н. Философия	М.: ИД Юрайд, 2011
14	Кирабаев Н.С. Учебное пособие по курсу «Средневековая арабомусульманская философия»	СПб.: СПбГУ, 2005
15	Немировская Л.З. Философия: История и теория	М.: изд. Российского Нового Университета, 2007
16	Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау	Алматы, БҒМ ФСИ баспасы, 2000
17	Орынбеков М.С. Предфилософия протоказахов	Алматы: Өлке, 1994
18	Степанянц М.Т. Восточная философия: вводный курс. Избранные тексты	Москва: Восточная литература, 2001
19	Шуматов Э.Г., Мұқыш К.С. История и философия науки	Қарағанды: Қазақстан Республикасы ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2013
20	Койре А. Очерки истории философской мысли. О влиянии философских концепций на развитие научных теорий.	Москва, 1985.
21	Шуматов Э.Г. Пространство и время (историко-философский анализ на материалах немецкой классической философии)	Қарағанда: КА МВД РК имени Б.Бейсенова, 2015
22	Колумбаев Б.Е. Третий человек	Алматы: Рауан, 1992
23	Батулин В.С. Философия права	Қарағанда: Гласир, 2012
24	Әбжанов Т.Ы. Адамға қарай бет бұрсақ	Алматы: Ғылым, 1999
25	Әбжанов Т.Ы. Қазақ рухының философиясы	Қарағанды, 2004
26	Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. Қысқаша философия тарихы	Алматы, 1999.
4. Мерзімді баспа әдебиетінің тізімі		
27	Вопросы философии	
28	Философские науки	
29	Личность. Культура. Общество	
30	Адам әлемі – Мир человека	
5. Электронды оқу-әдістемелік құралдардың тізімі		
31	Габитов Т.Х. Философия: электронды оқу құралы	
32	Әденов С.Т., Хожамқұл А.Х., Котошева Ф.К., Кудерина А.Н. Философия: электронды оқу құралы	
6. Ғаламтор көздері		
33	www.ihtik.lib.ru	
34	www.librari.ru	
35	www.bibliotek.ru	
36	www.caute.net.ru	

2.6 Аралас кафедралармен жұмыстық бағдарламаның келісім хаттамасы

Аралас кафедралармен жұмыстық бағдарламалармен келісім хаттамасы аталған пән бойынша қарастырылмаған.

